



2026 жылдың 01 маусымдағы


Қазақстан Республикасының
банк секторындағы Жұмыс
істемейтін несиелер жағдайына шолу.



ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.

2026 жылғы 1 маусымдағы елдің 23 екінші деңгейлі банктерінің несие портфелінің көлемі **44 356,3 млрд теңгені** (жиынтық активтердің 61%) құрады. Оның ішінде жұмыс істемейтін несиелер (NPL) көлемі **1 859,7 млрд теңге**, немесе жалпы несие портфелінің **4,2%** құрады (2026 жылғы 1 мамырға – 43 783 млрд теңге немесе 61%).

ҚР банк секторының жұмыс істемейтін несие деңгейінің динамикасы




Қарыз алушылар санаттары бойынша жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **Жеке тұлғаларға** (жеке кәсіпкерлерді қоспағанда) – 1 243,4 млрд теңге немесе 67% (01.05.2026 ж. – 1 214,5 млрд теңге) тиесілі.


Қаржылық емес заңды тұлғаларға – 616,2 млрд теңге немесе 33% (01.05.2026 ж. – 593,6 млрд теңге) тиесілі.

Жұмыс істемейтін несиелердің ең аз көлемі **қаржылық заңды тұлғаларға**, банкаралық қарыздар және «Кері РЕПО» операцияларын қоспағанда – 0,2 млрд теңге (01.05.2026 ж. – 0,2 млрд теңге) тиесілі.

01.05.2026 ж.
NPL құрылымы



01.06.2026 ж.
NPL құрылымы




■ Қаржылық емес заңды тұлғаларға несиелер ■ Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда несиелер

Екінші деңгейлі банктер бөлінісінде жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ға** тиесілі келеді – 621 млрд теңге немесе несие портфелінің үлесінде 4,7%.

Әрі қарай NPL көлемі бойынша ірі банктер:

- **«KASPI BANK» АҚ** – 533,3 млрд теңге (6,7%);
- **«ForteBank» АҚ** – 128,2 млрд теңге (4,4%);
- **«Bereke Bank АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ)»** – 127,7 млрд теңге (7,6%);
- **«Alatau City Bank» АҚ** – 88,9 млрд теңге (7,1%).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі бойынша 5 банк




Сонымен бірге несие портфеліндегі жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі **«Банк ВТБ» ЕБ АҚ – 9,2%.**

Сондай-ақ келесі банктерде жоғары деңгей байқалады:

- **«БиЭнКей» АҚ – 8,6%;**
- **«Bereke Bank» АҚ – 7,6%;**
- **«Home Credit Bank» АҚ – 7,1%;**
- **«Alatau City Bank» АҚ – 7,1%;**

Жұмыс істемейтін несиелердің ең жоғары үлесі бойынша 5 банк



Деректер көзі: nationalbank.kz
 материалды «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ
 Корпоративтік даму департаменті дайындады